DOI 10.31489/2022HPh4/121-134

ӘОЖ 902/904 (574)

А.Б. Қалыш*, А.Ш. Аққалиева

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
*(E-mail:kalyshamanzol@gmail.com; aybobek.akkaliyeva@gmail.com)*

# Батыс Қазақстандағы савромат ескерткіштерінің зерттелу тарихы (ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы хақында)

Мақала Оңтүстік Орал маңындағы савромат ескерткіштерінің зерттелу тарихына арналған, негізінен, ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасу және даму мәселелерін қамтиды. Ерте көшпелілердің тарихы мен географиялық орналасу аймағы туралы деректер антикалық авторлардың еңбектерінен бастап кездеседі. Соның ішінде, грек тарихшысы Геродот сармат тайпаларының Скифияның шығыс шекарасына іргелес жатқан жерлерді мекендегенін «Тарих» атты еңбегінде келтіреді. Жалпы, антикалық әдебиеттер, тақырыбымызға сәйкес келетін савромат-сармат тайпалары туралы құнды мәліметтер береді. Десе де, Орал даласында ерте темір дәуірінде өмір сүрген ежелгі тайпалар ұзақ уақыт бойы зерттелмеген күйінде қалып отырды. Тек, XIX–XX ғасырлардан бастап қана зерттеушілердің назарын өзіне аударта бастайды. Осы уақыт аралығында Ф.Д. Нефедов, И.А. Кастанье, М.И. Ростовцев, Б.Н. Граков, П.С. Рыков, М.К. Қадырбаев және т.б. ғалымдар савромат-сармат мәдениетінің ескерткіштеріне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, аталмыш мәдениетті зерттеуде үлкен өзгерістер алып келді. Сондай-ақ, 1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының құрылуы — көшпелілер тарихының одан әрі зерттелуіне ықпал етті.

*Кілт сөздер:* Оңтүстік Орал маңы, ерте көшпелілер мәдениеті, зерттелу тарихы, қалыптасуы, дамуы.

## *Кіріспе*

Ұлы дала белдеуінің орта бөлігін алып жатқан Орал-Қазақстан даласы барлық дәуірлерде Еуразия даласының батыс және шығыс бөліктерін байланыстыратын дәнекер, түйісу аймағы саналды. Зерттеліп отырған аймақ ежелгі кезеңдерде шығыс пен батыстың өзара әрекеттесу динамикасын көрсетті, мұнда дәстүрлер көрінісі бастапқыда батыста пайда болып, шығысқа қарай таралды және кейіннен, керісінше, шығыстан батысқа қарай келді. Соның ішінде, Орал-Қазақстан аймағы арқылы шығыстан батысқа қарай көшпелілердің жаппай қоныс аудару жолдары өтті. Қазақстан даласы арқылы қоныс аударған көшпелілердің белгілі бір жолды таңдауы, негізінен, Орал-Қазақстан өңіріндегі этносаяси жағдайлармен тікелей байланысты болды [1; 7–8].

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің біріне жататын ерте көшпелілердің шығу тегіне байланысты зерттеушілер арасында әртүрлі тұжырымдамалар бар. Мысалы, аталмыш аймақтағы көшпелілердің қола дәуірі тайпаларымен сабақтастығын анықтау, б.з.д. VI–I ғасырларда мекен еткен тұрғындар арасындағы қарым-қатынасты зерттеу және сақ-скиф дәуіріндегі тайпалардың қазіргі географиялық картаға орналасу жағдайы туралы деректерді жинақтауға қатысты пікірлері кездеседі.

Соның ішінде, көптеген жылдар бойы ғалымдар арасындағы ең даулы мәселеге — «савромат-сармат» мәдениетінің қалыптасу үдерісі, оның басталу және аяқталу уақыты, мәдениетті құрайтын компоненттері мен біздің заманымызға дейінгі кезеңдерде азиялық Сарматия жерінде орын алған этногенетикалық жағдайларды анықтау жатады.

## *Негізгі бөлім*

Революциядан бұрынғы кезең. Оңтүстік Орал маңын мекен еткен тұрғындарға деген қызығушылық ежелгі уақыттардан бастап байқалады. Соның ішінде, Геродоттың «Тарих» атты төртінші кітабының жартысынан астамы скифтердің көшпелі тайпаларын сипаттауға арналған. Тақырыбымызға сәйкес келетін сармат тайпалары алғаш рет тарихи сахнада пайда болған кезде, олар Скифияның шығыс шекараларына іргелес жатқан жерлерді мекендеген. Бұл туралы Геродот «Танаис (Дон) өзенінің арғы жағында Скифия аймағы аяқталып, он бес күндік жолды құрайтын сарматтардың жері басталады, ол жерде ешқандай ағаш өспейді» деп сипаттайды [2; IV]. Гректер мен римдіктердің көзқарасы бойынша Шығыс Еуропаның оңтүстігінде сармат дәуірінің басталу уақыты Скифияны жаулап алу кезеңімен байланысты. Диодор Сицилийский: «бұл соңғы савроматтар біраз жылдардан соң күшейе

* Хат-хабарларға арналған автор E-mail: *kalyshamanzol@gmail.com*

Buketov University

түсіп, Скифияның едәуір бөлігін жойды да, ол жерді шөлге айналдырды» деп жазды. Диодор савроматтардың Скифияны жаулап алу фактісіне ғана тоқталып, оқиғаның қашан болғандығын ашып көрсетпеді. Алайда, III ғасырдағы жарқын скиф мәдениетінің жойылуы, сондай-ақ археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған скиф перифериясындағы қалалар қирауы Диодор сипаттаған уақытпен сәйкес келеді [3; 299–300]. Ежелгі кезеңде Азияның далалық аймақтарындағы өмір сүру жағдайлары үнемі өзгеріп отырды. Соған байланысты, атқа мінудің ойлап табылуы және оның дамуы, садақшылардың пайда болуы — б.з.д. II мыңжылдықтың ортасымен сәйкес келеді. Ал бұл халықтар дамуындағы үлкен бетбұрыстарға әкеліп соқты. Жалпы, сарматтардың әскери істері туралы ежелгі авторлардың алғашқы жазбалары соңғы эллинизм дәуірінен басталады, бірақ олардың дәлелдемелерінің негізгі бөлігі Рим кезеңіне жатады. Ірі соғыстар, негізінен, аштық немесе кейбір сыртқы факторлардың әсерінен, соның ішінде, тайпалардың жаңа жайылымдарды басып алып, халықтардың одан әрі қоныс аударуы салдарынан басталған болуы мүмкін. Осылайша, көшпелі сармат тайпалары Доннан батысқа қарай — Днепрге дейін қоныс аудара бастайды. Бұл миграция туралы римдік ғалым Үлкен Плиний өзінің «Табиғи тарих» атты еңбегінде Танаис өзінің кешіп өткен он екі тайпа туралы дерек келтіреді [4; VI, 22]. Батысқа қоныс аударған барлық тайпалардың тағдырлары ұқсас келеді: олар ерте ме, кеш пе, өздері жаулап алған елдерді мекендеген халықтардың арасына сіңіп кетеді [5; 10–11]. Жалпы, антикалық әдебиеттер б.з.д. V — б.з. IV ғасырлар аралығын мекендеген сарматтар туралы құнды деректерді береді.

Ұзақ уақыт бойы ерте темір дәуірінде Орал даласында өмір сүрген ежелгі тайпалар зерттелмеген күйінде қалып отырды. Савромат-сармат тайпаларымен байланысты мәселелер XVIII ғасырда зерттеліне бастады. Бұл, ең алдымен, славян халықтарының шығу тегін зерттеу арқылы жүзеге асырылды. Осы кезеңдегі тарихшылардың еңбектерінде славян халықтарының сарматтармен туыстық қатынасы, тілдік қатыстылығы туралы мәселелер көтерілді және олар антик авторларының деректерін талдау негізінде савромат-сармат тайпаларын локализациялауға тырысты. Скифтердің мәдениетін зерттеумен салыстырғанда, сарматтардың мәдениеті мен тарихына біраз уақыт бойы дұрыс көңіл бөлінген жоқ, бұл негізінен деректік материалдар мөлшерінің аз болуымен байланысты еді. XIX ғасырдың соңғы ширегінен XX ғасырдың басына дейін Ф.Д. Нефедовтың, И.А. Кастаньенің, М.И. Ростовцевтің және т.б. жүргізген қазба жұмыстары савромат-сармат дәуірін зерттеуде өзгерістер алып келді. Соның ішінде, Оңтүстік Орал маңындағы қорғандарға Ф.Д. Нефедов 1887–1888 жылдары бірнеше археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, оларды скиф кезеңіне жатқызды [6].

1) Елек өзенінің сол жағалауында орналасқан Тамар-Уткель қорғаны. Кішірек келген қорғаннан әртүрлі тереңдікте екі адам сүйегі анықталды. Ер адамның қаңқасының жанынан — алтын гривна, алтын сырға, қызғылт моншақ, 32 қола жебе ұшы, ал, әйел адамның жанынан — ляпис-лазурьдан жасалған екі дана пирамида тәрізді салпыншақ, алты қырлы әйнек моншақ табылды;

2) Павловск бекеті, Орал өзенінің бойындағы қорған. Бұл қорғаннан үлкен қола тостаған, темір семсер (сабы орақ тәрізді), қола жебе ұштары, қола айнаның сынығы, тас қайрақтар анықталды;

3) Осыған ұқсас жәдігерлер Самара губерниясында орналасқан Бузулук қорғандарынан да тіркелді. Екінші қорғаннан — темір семсер, қыштан жасалған үкінің басы, қоянның темір мүсіні, ал үшінші қорғаннан — бөрененің астынан құрбандық үстелі және қола айнаның тұтқасы (тұтқаның ұшында қойдың бейнесі суреттелген), ал, үйіндіден қола жебелер мен жануар сүйектері кездесті.

Осы қорғандардан табылған олжалардың кейбіреуіне сипаттама беріп өтсек:

1) әртүрлі өлшемдегі алтын жапсырмалы тоғалар (артында бір немесе екі ілмегі бар). Зооморфты стильдегі тоғаларда грифонның, арыстанның, қабанның суреттері бейнеленген;

2) жыртқыш аңның үш тісі;

3) 14 моншақ-каури монета бақалшағы, моншақтың бесеуі көк әйнектен, біреуі сердоликтен және алтауы алтыннан жасалған;

4) үш қырлы мыстан жасалған 8 дана жебе ұшы;

5) өткір темір қанжар, тері бөліктері [7; 604–605].

Көшпелілердің тарихы мен мәдениетін зерттеудің жандануына 1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының құрылуы ықпал етті, оның мүшелері археологиялық ескерткіштерді жүйелі түрде тіркеп, қазба жұмыстарын жүргізе бастады. ОҒМК мүшелерінің ішінде аймақтың ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуде Орынбор гимназиясында француз тілі пәнінің оқытушысы И.А. Кастаньенің еңбегі орасан зор. Зерттеуші өзінің ғылыми қызметін екі бағытта: қазба жұмыстары және қазақ даласының ежелгі мәдениеті ескерткіштерінің жинағын құрастыру мақсатында жүргізді. XX ғасырдың алғашқы онжылдығына дейінгі жинақталған барлық археологиялық материалдар

Buketov University

И.А. Кастаньенің 1910 жылы басылым көрген «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» деген еңбегінде барынша толық жүйеленіп жинақталып берілді. Мұнда 1910 жылға дейін Еділ, Оңтүстік Орал және Орта Азия аумағында зерттелген археологиялық нысандар туралы барлық ақпарат жинақталған. И.А. Кастаньенің бұл еңбегі қазақ даласының ежелгі ескерткіштерінің жинағын жасаудағы алғашқы тәжірибе болды. Сонымен қатар, ол комиссияның тапсырмасымен 1904, 1906 және 1909 жылдары Ақтөбе қаласына жақын Қарғалы өзенінің бойындағы ескерткіштерге шағын археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді [8; 118–123]. 1904 жылы И.А. Кастанье ОҒМК-ның тапсырмасы бойынша Торғай облысы, Ақтөбе уезінде орналасқан археологиялық ескерткіштерді зерттеп, Шиелі үңгірі, Ашусай қорғаны, өңделмей күйдірілген кірпіштен жасалған қабірлерді анықтады. Ашусай обасы тоналған және одан күл мен көмір қалдықтары, жерлеу орнында шашылып жатқан 2 адамның сүйегі табылды. Ал жәдігерлерден қола айылбас қана тіркелді [9; 196–197].

*Кеңес кезеңі.* 1918 жылы скифология мен сарматологияның негізін қалаушылардың бірі М.И. Ростовцевтің «Курганные находки Оренбургской области эпохи раннего и позднего эллинизма» атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте осы уақытқа дейін Оңтүстік Орал маңында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері алғаш рет ғылыми негізде жинақталды және ол Оңтүстік Орал маңы мен Батыс Қазақстандағы скиф пен сарматтық ескерткіштердің революцияға дейінгі зерттеулерінің қорытындысы болды. М.И. Ростовцев Оңтүстік Орал маңындағы савромат-сармат ескерткіштерінің кезеңдестірілуін алғашқылардың бірі болып жасады. Осылайша, Покровка ауылы мен Биш-Оба қорымындағы тоналған обаларды (И.А. Кастаньенің және П.С. Назаровтың қазба жұмыстары) б.з.д. VI–V ғасырларға жатқызды және сол арқылы Оңтүстік Орал маңының өзге де ескерткіштерден, соның ішінде, прохоровтық қорымдардан айырмашылықтары анықталды. Сонымен қатар, М.И. Ростовцев табылған жәдігерлердің Солтүстік Қара теңіз аймағы мен Оңтүстік Сібірдің материалдарымен ұқсастығы бар екендігін де атап өтті. Прохоров қорғандарының жерлеу салты мен олжаларын талдай отырып, олардың Орынбор өлкесінің, сондай-ақ Орал және Торғай облыстарының басқа ескерткіштерімен ұқсастығын атап көрсетті. Прохоров қорғандарын кейінгі кезеңдермен салыстыра отырып, оны эллинизм дәуіріндегі Кубань ескерткіштерімен хронологиялық тұрғыдан байланыстырды [10].

Жалпы, Орынбор тобына тиесілі бұйымдардың басым көпшілігі Парсы және Иран жерінен келген тауарлар болып саналады. Осындай бұйымдарға Покровка қорғанынан табылған парсы патшасы бейнеленген мөрді және Прохоров қорғанынан анықталған арамейлік жазуы бар күміс табақты жатқызуға болады. Олар шамамен б.з.д. II-I ғасырлармен мерзімделеді.

Кубань ескерткіштеріне жақын келетін прохоровтық бұйымдар негізінен кейінгі эллинизм дәуірімен кезеңделеді. Сонымен қатар, бұл жерден Батысқа қарай жол салған садақшылар мен салт аттылардың жерлеу орындарын да кездестіреміз. Жалпы, М.И. Ростовцев Оңтүстік Орал маңын мекендеген сарматтарды иран тілдес халықтар деп есептеп, сарматтық қоғамды феодальдық, ал, сарматтарды — атты әскер ретінде санады [11; 105].

Сарматтар басқа да қуатты тайпа топтары — языг, роксолан, аорс және сирак, кейіннен алан тайпаларымен бірлесіп, шығыс аймақтан Ресейдің оңтүстігіне қарай қоныс аударады. Б.з.д. II ғасырға қарай аталған алғашқы төрт тайпа скифтерді Қырымға қарай ығыстырып, батыста Дунайға дейін — языгтар; Дон мен Днепр аралығында — роксоландар; Кубань өзенінің ағысында, Кавказға жақын аймақта — сирактар; солтүстікте Донға дейін — аорс тайпалары қоныстанды. Бұл тайпалардың барлығы да жеке өмір сүріп, белгілі бір мемлекетті құрмады [12; 93–94]. Зерттеуші, савроматтар мен сарматтардың генетикалық байланыстары жоқ екендігін айтып, Покров пен Прохоров қорғандарын қалдырған халықтар — Орынбор даласына әртүрлі тарихи кезеңдерде қоныстанған тайпалар болуы мүмкін деп тұжырым жасады [7; 611–612].

XX ғасырдың 20–30-жылдары белсенді жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары дерекқор базасының айтарлықтай толықтырылуына және ерте темір дәуірінде Еділдің төменгі ағысы мен Оңтүстік Орал маңында өмір сүрген көшпелі халықтар туралы мағлұматтардың кеңеюіне ықпал етті.

Б.Н. Граков 1920 жылдардың аяғында Төменгі Еділ мен Оңтүстік Орал маңындағы қорымдарға зерттеу жұмыстарын жүргізіп, екі аймақтың ежелгі тұрғындарының мәдени бірлігі туралы гипотеза жасады. Бұрын алынған материалдар мен жаңа қазба деректерін талдай отырып, ол ескерткіштердің жеке тобын бөліп алып, оларды б.з.д. VI–IV ғасырларға жатқызды және Еділ бойы мен Орал маңында жүргізілген қазба жұмыстары барысында савромат-сармат мәдениетіне тән белгілерді анықтап, сарматтардың әлеуметтік құрылымы мен өмір салтының ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Б.Н. Граков «Курганы в окрестностях поселка Нежинского Оренбургского уезда по раскопкам 1927 года» атты



Buketov University

мақаласында Нежинка обасының қарапайым жерлеу орындары Прохоровтық бай қорғандардан жерлеу салты бойынша аса қатты ерекшеленбейтінін атап көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, б.з.д. VI–IV ғасырларда Еділ бойы мен Орал маңында Прохоров қорғанының бай және Нежинка обасының қарапайым жерлеу орындарынан көшпелі-әскери типтегі күрделі сармат қоғамының өмір сүргенін байқауға болады [13; 154].

Сонымен бірге, ол б.з.д. IV ғасырдағы скиф тайпаларының орнына прохоровтық ескерткіштерді қалдырған сармат халықтары келді деп есептеді. Осылайша, Б.Н. Граков М.И. Ростовцевтің ұсынған скифтердің сарматтармен генетикалық байланысы жоқ деген көзқарасын қолдады [14; 47].

Келесі зерттеуші П.Д. Раудың жұмыстары Еділ-Орал қос өзенін мекендеген тұрғындар қалдырған мәдениеттің хронологиясына және оның мәселелері мен ерекшеліктеріне арналды, негізінен сармат мәдениетінің даму кезеңдерін бөліп көрсетумен сипатталды. Ерте темір дәуіріндегі ескерткіштердің хронологиясын дамыта отырып, ол жерлеу рәсімінің жергілікті ерекшеліктеріне және Самара-Орал жеріндегі халықтардың материалдық мәдениеттеріне назар аударды. П.Д. Рау алғашқылардың бірі болып осы аймақтан табылған жебе ұштары мен тастан жасалған құрбандық үстелдерінің Еділдің төменгі ағысындағы жәдігерлерден ерекшеленетіні туралы пікір білдірді. Бұл аң стилінде жасалған олжаларға да қатысты айтылады. Және П.Д. Рау аң стиліндегі бірқатар мотивтердің өзіндік даму тарихы бар деп санады [15].

П.С. Рыков өзінің 1936 жылы жарыққа шыққан еңбегінде сарматтардың әлеуметтік-экономикалық өмірін скифтерден бөліп қарастыруға болмайтынын атап өтеді. Тек уақыт өте келе, жоғарыда аталған халықтардың материалдық мәдениеттеріндегі әлеуметтік өзгерістерді көрсететін жаңа құбылыстар пайда болды деп есептеді [11; 106].

В.И. Равдоникастың пікірінше, скиф дәуіріне жататын ең бай қорымдар, жәй ғана бай қорымдар көп болған жағдайда жойылып кетеді. Бұл қоғамдық құрылымдағы өзгерістерді білдіретін әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің өсуімен түсіндірілді. Басқаша айтқанда, сармат қоғамында тайпалар арасындағы үлкен маңызы мен беделі бар отбасылар тобы құрылды. «Материалдық мәдениеттегі жаңа құбылыстардың» өсуі скифтер арасында оның соңғы сатысында байқалды, бұл жағдайды зерттеушілер кейде ерте сарматтармен оңай араластырып жатады. Осылайша, скиф пен сармат қоғамында үлкен әлеуметтік өзгерістер орын алып, жаңа формацияға өтеді. Скиф жерлеу орындарында қойылған мұрагерлік жолмен берілетін олжалардың саны азайып, алтын сияқты құнды бұйымдар зермен алмастырылады [16]. Сонымен, аталған халықтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінде айқын өзгерістер байқалып, жерлеу орындарында кездескен құнды бұйымдар қарапайымдала түскенін және оның қоғамдағы маңыздылығын көре аламыз Семсерлермен, садақтармен, ауыр найзалармен жақсы қаруланған атты әскерлердің, басқа сармат топтарына қарағанда едәуір артықшылықтары бар болды және олар жерлеу рәсімдерінде көрініс тапты [11; 107].

Кубань жеріндегі сармат қоғамының Еділ өзенінің төменгі ағысындағы сияқты тұрақты орындары болмады және сарматтық қалашықтар мен қорымдар топырақ үйінділерінсіз тұрғызылды. Соңғы кездерге дейін көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ және қалмақ халықтарының тұрақты мекенжайларда қыстағандығы сияқты сармат тайпалары да осындай көшпелілікті ұстанды. И.В. Синицын мен Н.К. Арзютовтың Аткар ауданы, Колышлей өзені бойына жүргізген археологиялық қазба жұмыстары Еділ өзенінің төменгі ағысында орналасқан сарматтық ескерткіштер туралы қызықты мәліметтер береді және оларды II–III ғасырлармен мерзімдейді [17; 58–61, 18; 89–91]. 1925–1931 жылдары жүргізілген зерттеу барысында сармат пен мордва халықтары арасындағы көршілік қатынастардың бар екендігі дәлелденіп, Колышлей және Медведица өзендері бойын мекендеген сармат тайпаларының, осы жерде тұрақты қыстаулары болғандығы және олардың көктем-жаз айларында көшіп-қонып жүргендігі анықталды [19]. Аталған аймақта егіншілер мен жартылай көшпелі халықтар арасында тығыз байланыс орнап, бір-бірімен сатылы түрде жақын бола бастады.

Б.Н. Граковтың савромат-сармат мәдениетінің генезисіне арналған басты еңбектерінің бірі — «Пережитки матриархата у сарматов» мақаласы 1947 жылы жарық көрді [20; 102–121]. XX ғасырдың 30–40 жылдары жинақталған жаңа материалдар кейбір көзқарастарды қайтадан қарауға және көшпелілер мәдениетін дамытудың жаңа тұжырымдамасын ұсынуға мүмкіндік берді. Б.Н. Граковтың пікірінше, Еділ-Орал аймағында б.з.д. VI ғасырдан — б.з. IV ғасырға дейін біртұтас савромат-сармат мәдениетін тасымалдаушы көшпелі тайпалар өмір сүрген [14; 47]. Біртұтас мәдениетті анықтай отырып, Б.Н. Граков оны төрт кезеңге бөлді:

1. Савромат немесе блюменфель мәдениеті (б.з.д. VI–IV ғасырлар).



Buketov University

Бұл кезеңге жататын қорғандардың биіктігі 1 м-2 м-ге дейін жетеді. Шығыстан батысқа қарай бағытталған жерлеу шұңқырлары ұзын әрі кең болып келеді. Тереңдігі 3–4 м. Қайтыс болған адам басы батысқа (кей жағдайларда шығысқа) қаратылған күйде шалқасынан созылыңқы жерленген. Көп жағдайда мәйіттің жанында бор немесе ақ саз, реальгар бөліктері сақталған.

Мәйітті өртеу және ерлер мен әйелдерді бірге жерлеу сирек кездеседі. Жәдігерлерден скифтік түрдегі қанжарлар мен ұзын сапты темір және қола семсерлер, архаикалық және классикалық ұңғымалы қола және темір жебелер, темір найза ұштары кездеседі. Ат әбзелдері негізінен скифтік нұсқада жасалған, ал, керамикасы кейінгі киммерийлік кезеңге тән. Сүйектен әзірленген аң стиліндегі бұйымдарда жыртқыштар мен шөп қоректі жануарлар бейнеленген. Әйел жерлеу орындарынан Ольвиялық және жергілікті ұсталардың қолынан шыққан айналар, сырғалар, архаикалық және классикалық түрдегі моншақтар кездеседі.

2. Савромат-сармат немесе прохоров мәдениеті (б.з.д. IV–II ғасырлар).

Бұл мәдениетке пішіндері мен өлшемдері бірдей болып келетін қорғандар тән. Обаның үстінде тас үйінділер және оның айналасын күйдірілген қыштан жасалған сақина қоршап жатыр. Үйінділердің арасынан жанған ағаш қалдықтары табылды. Жерлеу шұңқырлары сопақша келген және солтүстік-шығыс-оңтүстік-батыс немесе солтүстіктен оңтүстікке қарай тікелей бағытталған. Ұжымдық жерлеу орындары (бірнеше ер адам мен әйел адам) — блюменфельдік қорғандармен сәйкес келеді. Мәйітті қойып жерлеуде басын негізінен оңтүстікке, кейде батысқа қаратқан. Ал төсеніш ретінде — шөптерді, матаны, киізді пайдаланған. Соңғы асы ретінде — қойдың, жылқының, сиырдың тұтас еттері бірге қойылған. Бұйымдардан скифтік семсерлер мен қанжарлар, қысқа сапты семсерлер, чертомлык типтес саптағы семсерлер, ұңғымалы жебелер, үш қанатты шегелі жебе ұштары т.б. табылды. Б.з.д. IV–II ғасырлармен мерзімделетін гректік және ирандық импорттағы моншақтар және ирандық тостағандар мен әшекей бұйымдар да анықталды.

3. Сармат немесе суслов мәдениеті (б.з.д. II ғасырдың аяғы — б.з. II ғасыр).

Төмен орналасқан қорғандар. Жерлеу шұңқырлары төртбұрышты, дөңгелекті болып келеді. Көп жағдайда батыс және шығыс қабырғаларынан жіңішке катакомба жүргізілген. Шұңқырдың бағыты — меридиональды. Оңтүстік-батыс қалыптағы дөңгелек және төртбұрышты жерлеу шұңқырларында қайтыс болған адамды диагональ бағытта жерлеген. Ал қарапайым шұңқырлар мен катакомбаларда басын оңтүстікке қаратып, созылыңқы түрде жатқызған. Жерлеу орындарының үстіне киіз, қабық, мата төселген және жартылай, кейде толықтай өртеу рәсімі де бар болған, бірақ ол сирек кездеседі. Соңғы асы ретінде — табаққа салынған қойдың аяқтары қойылған. Табылған материалдар арасында қысқа сапты семсерлер мен қанжарлар, үш қанатты шегелі жебелер, алебастрлы ыдыстар, айналар кеңінен тараған. Сонымен қатар, мойыны цилиндрлі болып келетін шар және жұмыртқа тәріздес ыдыстар, жылтыр қара кувшиндер, Қаратеңіз импортына тиесілі римдік моншақтар да анықталды.

4. Алан немесе шилов мәдениеті (б.з. II–IV ғасырлар).

Биіктігі 10–12 см, диаметрі 9–16 см болатын кішігірім келген қорғандар. Жерлеу шұңқырының пішіні негізінен батыс қабырғада салынған жіңішке катакомбалы, кейде ақымдап жерленген болып келеді. Мәйіттің басы солтүстікке қаратылып, созылыңқы түрде жатқызылған. Оң қолы маңдайына, кейде іш жағына қойылған. Бас сүйектердің 70 %-ға жуығы жасанды деформациялауға ұшыраған. Археологиялық материалдардан ұзын сапты семсерлер, қанжарлар, темір шегелі үш қанатты жебелер, кейінгі римдік түрге жататын әртүрлі фибулалар, қола және алтын диадемалар, жұмыртқа тәріздес ыдыстар т.б. табылған.

Б.Н. Граковтың осы еңбегінде савромат-сарматтардың арасында аналық рудың сарқыншақтарының болғандығы және оның кейіннен жойылып кеткендігі археологиялық тұрғыда қарастырылған [20; 104–106].

С.П. Толстовтың савроматтар мен сарматтардың шығу тегі туралы пікірлері қызықты болып келеді. Ол антик авторларының деректерін талдай отырып, савроматтардың этнографиялық ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Соның ішінде, савроматтарда гинекократиялық құрылым болды деп және олардың шығу тегі амазон тайпаларымен байланысты деп есептейді. Рим географы Помпоний Мела «Соғыс кезінде савромат тайпасының әйелдері ерлермен бірдей тең дәрежеде соғысты. Ер адамдар, негізінен, жаяу әскер ретінде шайқасып, садақты пайдаланса, әйел адамдар аттың үстінде соғысады» деп жазды [21; 114]. Осылардың барлығы савроматтарды патриархальдық үстемдікті ұстанатын басқа скиф тайпаларынан ерекшелендіріп, оларды массагет-хорезм шеңберіне жататын иран тілдес халықтармен байланыстырды. Нимфодор Сиракузский савроматтарда отқа табынудың маңызды рөл атқарғанын көрсетіп, оларды парсылармен салыстырады және өзге қаратеңіздік тайпалардан бөліп қарас-

Buketov University

тырады [22; 221]. Және осы арқылы оларды парсылармен ұқсастыра отырып, қаратеңіздік тайпалардан айырмашылықтары бар екендігін көрсетеді.

Жалпы, С.П. Толстовтың пікірінше, савроматтар мен массагеттерді матриархалдық қатынастар, отқа табыну және жылқыны құрбандыққа шалу сияқты белгілер біріктіреді. Ал савроматтардың кейіннен батысқа қарай жылжуын массагеттердің көрсеткен қысымының нәтижесі деп есептеді және ол М.И. Ростовцевтің пікіріне қарсы шығып, савроматтар мен сарматтарды туыстас тайпалар деп санады [22; 222].

Еділ бойын зерттеген П. Рау, И.В. Синицын, сондай-ақ, Орал маңы мен Батыс Қазақстан өңіріне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген О.А. Граков пен К.В. Сальников савроматтар мәдениетінің кейінгі қола дәуіріндегі — қималы хвалынь және андрон сияқты туыстас мәдениеттермен генетикалық байланысы бар болуы мүмкін деген болжамдар жасады [15, 20, 23, 24; 34–35]. Соның ішінде, андрондық белгілер Оралдық сарматтардың жерлеу орындарынан, керамикалық бұйымдарынан (әсіресе, б.з.д. IV ғ. андрон стиліндегі өрнектер) анық байқалады [25; 97–101].

Жалпы, К.В. Сальников савромат-сармат мәдениетін төрт кезеңге бөліп қарастырды:

1) савромат (б.з.д. VI–IV ғасырлар);

2) ерте сармат (б.з.д. IV–II ғасырлар.);

3) орта сармат (б.з.д. I ғасыр. - б.з. II ғасырдың басы);

4) кейінгі сармат (б.з. II–IV ғасырлар) [26; 86–92].

Еділ-Орал далаларын мекендеген көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы мен эволюциясы мәселелеріне және олардың ескерткіштерінің кезеңделуіне Б.Н. Граковтың белгілеген жолымен К.Ф. Смирновтың да бірқатар еңбектері жарыққа шықты. К.Ф. Смирнов өзінің алғашқы мақалаларының бірінде К.В. Сальниковтың ерте көшпелілердің кейінгі қола дәуірінде мекен еткен тайпалармен генетикалық байланысы бар деген пікірін қолдады. Савроматтардың жерлеу рәсімдерін, керамикалық, антропологиялық ерекшеліктерін талдау арқылы оларды автохтонды халық деп есептеді.

Негізінен, оралдық ескерткіштер екі этникалық ауданға бөлініп қарастырылады: солтүстік челябинск және оңтүстік орск-чкаловский. 1948 жылы геологтармен Сағыз өзені бойынан (Жемнен батысқа қарай) анықталған сарматтық бұйымдар прохоров мәдениетіне тиесілі болуы мүмкін және Ор-Орынбор аумағының шекарасын оңтүстік-шығысқа қарай Ембіге дейін ұлғайтқан. Солтүстік Челябинск ауданына тиесілі қорғандардан мәйітті қойып жерлеу, кремация рәсімі, қарапайым топырақ үйінділерден тұратын жерлеу шұңқырлары да кездеседі. Ал Орск-Чкаловск ауданында негізінен тікбұрышты немесе сопақша келген шұңқырларда қайтыс болған адамды созылыңқы түрде қойып жерлеу рәсімі кеңінен таралған. Осындай жерлеу шұңқырларының айналасын тастан сақина тәріздес етіп қоршайтын болған. Сондай-ақ обалардың үстін таспен үйіп қою рәсімі, катакомбалы жерлеу орындары да бар.

Прохоров мәдениетінің оралдық тобы Еділдің бойындағы жаңа катакомбалық жерлеу орнының таралуына өзіндік ықпалын тигізді. Бұл қорғандардан, сонымен бірге, прохоровтық ұзын және қысқа сапты семсерлер, үлкен айналар мен алебастрлы құтылар да табылды. Осылайша, прохоров мәдениеті Солтүстік Каспий маңындағы сарматтарға да тән ескерткіш болып саналады [13].

Ерте сарматтардың шығу тегіне қатысты мәселелерді зерттеуде негізінен жазба деректер мен тіл білімінің қорытындыларын қарастыру қажет. Грек-римдік әдебиеттер савромат-сармат мәдениетін иран тілдес халықтардың дәстүрімен байланыстырады. Сондай-ақ, савроматтардың тілін скиф тайпаларымен де ұқсас болуы мүмкін деген деректер де кездеседі. Бұл туралы Геродот: «Савроматтар скиф тілінде сөйлейді, тек ежелгі кезеңдерде бұрмалауға ұшыраған» деген мәлімет келтіреді [2; IV].

К.Ф. Смирнов Еділ-Орал савроматтарын біртұтас археологиялық мәдениетке ие ерте сармат тайпаларының бір тобы ретінде қарастырды. Жалпы, ол савроматтарды Төменгі Еділ бойын мекен ететін туыстас тайпалардың этникалық тобы ретінде ұсынды. Орал маңы тайпаларының этникалық әртектілігін ескере отырып, К.Ф. Смирнов жазбаша деректер негізінде ерте сарматтардың массагеттермен генетикалық байланысы бар деген пікірге қосылды [27; 12–15].

Кейінгі еңбектерінде К.Ф. Смирнов ескерткіштерді кезеңдеу және Төменгі Еділ мен Оңтүстік Орал көшпелілерінің этникалық құрамы туралы көзқарасын біршама өзгертті. Өзінің негізгі жұмыстарының бірінде осы аймақтардың жерлеу ескерткіштерін мынадай хронологиялық топтарға бөлді: а) б.з.д. VIII–VII ғасырлар; ә) б.з.д. VII ғасырдың соңы - VI ғасыр; б) б.з.д. VI ғасырдың соңы - V ғасыр; в) б.з.д. V ғасырдың соңы - IV ғасыр. Алғаш рет б.з.д. VIII–VII ғасырлар деп белгіленген жерлеу орындары өтпелі кезеңнің ескерткіштері ретінде қарастырылды [27; 10].

Buketov University

Б.з.д. IV ғасырда савроматтар қоғамында үлкен өзгерістер орын алды. Еділ бойы мен Орал маңын мекендеген ежелгі көшпелілердің орнын басқан сармат тайпаларының дамуында жаңа кезең басталады. Бұл кезеңде шығыстан келген туыстас тайпалар жергілікті халықтармен бірлесіп, жаңа қуатты тайпа одақтарын құрады. Археологиялық материалдарда орын алған осындай өзгерістер арқылы прохоров деп аталатын жаңадан сарматтық мәдениет қалыптасады.

Жалпы, прохоров мәдениеті б.з.д. IV ғасырда Орал тауларының шығыс беткейі, Қазақстан, Арал маңын мекендеген халықтардың қоныс аударуы нәтижесінде пайда болды. Жаңа мәдениеттің құрылуында Елек және Ор өзендерінің бойын мекендеген көшпелілер үлкен үлес қосты, б.з.д. V ғасырда олардың жерлеу ескерткіштерінде ақымдап-катакомбалы жерлеулер көптеп кездесіп, қайтыс болған адам оңтүстік бағытқа қаратылып қойылған [28; 133], Орынбордың прохоровтық типтегі ерте жерлеу орындары савромат және прохоров мәдениетінің қосындысына жатады. К.Ф. Смирновтың пікірінше, б.з.д. IV ғасырда савромат тайпалары жойылып кетпеген немесе басқа халықтардың қысымымен орын ауыстырмаған [29; 286].

К.Ф. Смирновтың Оңтүстік Орал маңындағы көшпелілер мәдениетінің пайда болуы мен дамуына қатысты гипотезаларын М.Г. Мошкова өзінің бірқатар еңбектерінде қолдады. Яғни, К.Ф. Смирновтың андрон және қима мәдениетін тасымалдаушы халықтардың савроматтармен генетикалық байланысы бар деген пікірін ұстанды [30; 121–124; 31; 223]. Прохоров мәдениетіне көп көңіл бөле отырып, оның өмір сүру уақытын М.Г. Мошкова б.з.д. IV–II ғасырлар аясында анықтады. Ол прохоров мәдениетінің ескерткіштерін келесідей хронологиялық топтарға бөлді: б.з.д. IV ғасыр; б.з.д. IV–III ғасырлар; б.з.д. III–II ғасырлар [32; 78, 33; 8]. Сонымен бірге, б.з.д. I ғасыр мен б.з.д. II ғасырдың соңын М.Г. Мошкова өтпелі кезең ретінде қарастырып, оны орта сармат мәдениетінің қалыптасу уақыты деп санады [34; 16].

Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институты мен Ақтөбе облыстық өлкетану мұражайы бірлескен түрде 1970 жылдары үш маусым бойы (1973, 1974, 1976 жылдары) Елек өзенінің сол жағалауындағы қорымдарға бірнеше археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, М.Қ. Қадырбаев және Ж. Құрманқұлов бастаған экспедиция б.з.д. VI ғасырдың екінші жартысы - V ғасырмен мерзімделетін савромат-сарматтық Сынтас, Бесоба, Жалғыз оба, Күміссай сияқты археологиялық ескерткіштерден құнды жәдігерлерді анықтады [35; 138].

Оңтүстік Орал өңіріндегі ерте көшпелілер мәдениетінің хронологиялық шеңберін Б.Ф. Железчиков біршама өзгеше тұрғыдан қарастырып, савромат және ерте сармат кезеңдерін б.з.д. VI–V ғасырлар және б.з.д. IV–II ғасырлармен мерзімдеді. Ғалым ерте сармат (прохоров) кезеңіне жататын жерлеу рәсімдерінің кейбір түрлері б.з.д. V ғасырда пайда болғанын атап өтеді. Прохоров мәдениеті б.з.д. IV–III ғасырларда Оңтүстік Орал маңының барлық аймағына таралғанын ескере отырып, Б.Ф. Железчиков б.з.д. III ғасырда ескерткіштердің саны азайған деген тұжырымға келеді. Башқұртстан мен Еділ өзенінің төменгі ағысында б.з.д. III–II ғасырларда жерлеу кешендерінің өсуін, зерттеуші, миграциялық қозғалыстардың орын алуымен түсіндірді [36; 6–7]. Оңтүстік Орал маңы савромат мәдениетінің Самара-Орал нұсқасын Б.Ф. Железчиков екі топқа бөлді: шығыс (Шығыс Орынбор облысының ескерткіштері, Елек тобы, Башқұртстанның солтүстік-шығысы, Лебедевка мола кешені) және батыс (Оралдың сол жағалауы, Башқұртстанның оңтүстік және батысы, Самара және Шаған өзендерінің бойындағы ескерткіштер) [36; 11–13].

Ерте көшпелілердің ата-бабалары Еділ-Орал-Ор өзендеріне қай жақтан қоныс аударуы мүмкін екені нақты айтылмайды, десе де олар Арал маңы және Сарықамыш ойпатын мекендеген халықтармен тығыз қарым-қатынаста болған деген, соның ішінде генетикалық байланысы бар деген деректер кездеседі [37; 16].

Зерттеуші Оңтүстік және Еділ өзенінің төменгі ағысындағы ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасу үрдісін келесідей көрсетеді. Алғашқы ескерткіштері Оңтүстік Орал маңының шығыс бөлігінде, б.з.д. VI ғасырда пайда болды. Кейінірек, б.з.д. VI–V ғасырларда таралу аймағы батысқа - Еділдің сол жағалауына дейін барды. Еділ-Дон қос өзендерінің бойында б.з.д. VI ғасыр мен V ғасырдың басында скиф мәдениеті таралды. Еділ-Дон өзендері аңғарында орналасқан ескерткіштерге скиф және савромат мәдениеттерінің ықпалы тиген болуы мүмкін. Аталған аймақта бірқатар мәдениеттер өзара әрекеттескен: далалық скифтер, Еділ-Оралдық көшпелілер және орманды-далалық ортаңғы Дондар (Кривая Лука, Никольский, Аксеновекий, Сазонкин Бугор). Ерте темір дәуірі мәдениеттерінің қалыптасу үрдісі тек Еділ-Дон, Еділ-Ор өзендерінің аралықтарында ғана емес, сонымен қатар, Оңтүстік Орал мен төменгі Донның шығыс аудандарында да бір мезгілде жүрген болуы мүмкін [37; 17].

Buketov University

А.Х. Пшеничнюктің Оңтүстік Орал маңындағы ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы мен даму мәселелеріне байланысты көзқарастары көп жағдайда Б.Ф. Железчиковтың пікірімен сәйкес келіп жатады. А.Х. Пшеничнюк өз еңбектерінде ерте сармат мәдениетінің дамуын б.з.д. VI-V ғасырларға жатқызды. Прохоров мәдениетінің қалыптасу үрдісінде көшпелі савромат тайпалары белсенді рөл атқарды. Оралдың шығыс беткейінің жаңа орманды далаларын игере отырып, көшпелілер жергілікті отырықшы тайпалармен ассимиляцияға түсті [38; 128]. Башқұрттық Орал маңындағы савромат және ерте сармат ескерткіштерінің материалдарында оңтүстік параллельдер көптеп кездеседі. Жерлеу рәсімінің көптеген элементтері, мысалы, қорғанның тас төсеніші, төртбұрышты және шатырлы ағаш қабір құрылымдары, дромостар, жерлеу орындары Арал өңірінде, Түгіскен және Ұйғарақ сияқты сақ мәдениеттерінде де кездесіп жатады [39; 197–208].

Ерте сармат (прохоров) мәдениетінің хронологиялық шеңбері, әсіресе біздің заманымызға дейінгі соңғы ғасырлар А.С. Скрипкиннің еңбектерінде қайта қаралды. Ол XX ғасырдың 80-ші жылдары, ерте сармат мәдениетінің кейінгі ескерткіштерін б.з.д. II–I ғасырлармен мерзімдеуді ұсынды. Жерлеу рәсімдері мен материалдық мәдениетіне жүргізілген сараптама жұмыстары негізінде ерте сармат мәдениетінің классикалық кешендері дәл осы уақытта тіркелді және орта сармат мәдениетінің басталуы I ғасырмен мерзімделеді деген қорытындағы келеді [40; 88–104]. Осылайша, Б.Н. Граков пен К.Ф. Смирнов ұсынған б.з.д. III–II ғасырларға жататын жерлеу ескерткіштері, б.з.д. II–I ғасырларға дейін жасартылып, қайтадан мерзімделді.

